

ЕЖЕЛГІ ГРЕК МӘДЕНИЕТІ.
ГРЕКИЯДАҒЫ ҚҰДАЙЛАР ОТБАСЫ

ДАЙЫНДАҒАН: АЖЕМБАЕВА АЯУЛЫМ



ЕЖЕЛГІ ГРЕКИЯ



- Грекияның көне мәдениетінің тамыры тереңде жатыр. Грекия жері мен Эгей теңізі аралдарың мекендеген тайпалардың өркениеті ерекше тарихта орын алды. Эгей мәдениетінің аса маңызды орталықтары Крит аралы Пелопоннес түбіндегі Микены болғандықтан да Эгей өркениетін **Крит-Микены** мәдениеті деп аталынды. Крит-найзағай тәңірі Зевстің туған жері, аңыз бойнша Гректің ең басты құдайы Зевс бұқа бейнесіне еніп, Финикия патшайымы асқан сұлу Еуропаны алады, ал одан аралдың болашақ билеушісі Минос туылған. Атақты Геракл жайлы да аңыз осы аралмен байланысты.




«ГОМЕР КЕЗЕҢІ»

- Грекия мәдениетінің келесі кезеңі ұлы Гомердің атымен «Гомер кезеңі» деп аталынады.
- Қазба дүниелерден талдау жасағанда Гомерлік кезеңнің ІХ-ХІІІ ғ. рулық құрылыстың орнына біртіндеп таптық қоғам қалыптаса бастаған. Өмір үшін күрестің яғни күрес бар жерде өлім бар, күрес бар жерде жеңіс бар –деген өмірлік қағидаларға грек философы Протогор былай деген «Адам - бар дүниенің өлшемі». Дегенмен адамнан гөрі күдіретті құдайлар бейнелерінің көптен берілуі – грек мифологиясына тән қасиет болып саналады.
- Гомер дәуірінен келіп жеткен - аю өрнектер, құмыралар, қоладан жасалынған құмыралар, мүсіндер жатады. Құмыраны әшекейлер үшін геометриялық стильді қалыптастырды.

ГРЕК АРХИТЕКТУРАСЫ



Афины Акрополі



Крит сарайындағы жазбалар

ҚЫШ ҚҰМЫРА



Грекиядағы құдайлар отбасы



Олимпиядағы құдайлар орны

Зевс “
бұлт
айдаушы”
–
құдайлард
ың
құдайы.

Посейдон
“Жерді
тербетуші”
– теңіз
құдайы.

Гелиос –
күн құдайы.


Аполлон –
жарық пен
өнердің
құдайы.

Артемида –
кұнарлылы
қтың әйел
құдайы,
аңшылық
құдайы.

Арес –
соғыс
құдайы.

Афродита
–
сұлулық,
махаббат
құдайы.

Олимпиядағы құдайлар орны



Олимпиядағы құдайлар орны



Құдайлар туралы қысқаша түсінік

«**Бұлт айдаушы**» **Зевстің** еркімен жаңбыр жауады немесе қуаңшылық болады. Өзін ашуландырған адамдар мен құдайларды күдіретті Зевс алтын жебелермен – жай оғымен жайратады-мыс.

Гректер «**Жерді тербетуші**» – **теңіз құдайы Посейдоннан** қаһарлы Зевстен кем қорықпаған. Посейдон өзінің үш тісті орасан зор найзасымен жерді сілкінітіп, теңізге алапат дауыл тұрғызып, кемелерді суға батырып жібереді.

Күн құдайы Гелиос ақша қардай аппақ аттар жегілген алтын арбасымен аспанда жүріп өткенде күн туады-мыс.

Жарық пен өнердің құдайы – Аполлон.

Күзде өсімдіктердің қурауы мен көктемде табиғаттың жандануы **құнарлылықтың әйел құдайы Артемидаға** байланысты болған.

Адам өлген соң, оның жаны жер асты патшалығының әміршісі қатыгез **Аид** билік ететін, өлген адамдардың қапас жер асты патшалығына түседі-міс. Аидтың аяғының астында үш басты төбет отырады, ол жер асты патшалығына келгендерді кіргізеді де, бірақ одан ешкімді де шығармайтын болған.

Гректер басты құдайларды мәңгі өлмейтін, сұлу, тұлғалы, алып адам бейнесінде елестетті. Ал орман құдайлары сатырларды үсті-бастары жүн басқан ешкі аяқты, ешкі құлақты адамдарға ұқсатты. Бұлақтардың әйел құдайларын қыз түрінде бейнелеп **нимфалар** деп атады.

Шаруашылықтың әр саласының, егіншіліктің, мал шаруашылығының, аңшылықтың, қол өнердің әрқайсысының қамқоршы құдайлары бар деп саналды.

Шарап жасау ісінің құдайы Дионис адамдарға жүзім өсіріп, шарап жасауды үйретсе керек. Оның құрметіне мейрамдар өткізіліп отырған.

Гректер металл өңдеуді игере бастаған кезде **ұсталардың жарылқаушысы – Гефест** құдай туралы аңыз шықты. Гефест жер астындағы ұстаханада өзі жұмыс істейді екен. От пен түтін атқылап жатқан жанар таулар оның жер астындағы ұстаханасынан шығады. Гефест үстіне қолөнершілердің қарапайым киімін киеді, беті-қолы қап-қара, күйе болып жүреді-міс.

Сауда-саттықтың өркен жаюына байланысты оның жарылқаушысы – Гермес құдай пайда болды. Ол Зевстің тапсырмасын орындап, бір қаладан екінші қалаға ұшып жүрген. Сондықтан көбіне ол сандал, қалпақ киген қанатты адам кейпінде бейнеленген.

Артемиданың ғибадатханасы.



- Грек әйел пірі Артемиданың Кіші Азияның Эфес қаласындағы ғибадатханасы әлемнің үшінші «кереметі» деп есептелген.
- Ол кілең мәрмәр тастан 120 жыл бойы салынып, жаңа заманға дейінгі 550 жыл шамасында аяқталған. Ғибадатхананы көз тартарлық әдемі салып, ішінде бағалы заттар мол болады. Сондықтан атағы жер жүзіне жайылып кетеді.
- Біздің заманымызда бұрынғы 356ж. Герострат деген біреу атын шығармақ оймен ғибадатхананы өртейді. Ақыры оның есімі ақылға қонымсыз зиянкестіктің белгі-бейнесі болып мәңгілікке ел аузында қалады.

Зевс мүсіні



- Грецияның оңтүстігінде, Олимпиялық ойындардың орталығы Олимпиядағы ғибадатханадағы ежелгі гректердің сыйынатын жоғары пірі - Зевстің мүсін бейнесі болған. Олимпия Зевстің бұл мүсінін бұдан 2 мың жылдай бұрын, біздің заманымыздан бұрынғы 5 ғасырда ұлы мүсінші Фидий жасаған. Бұл - төртінші «керемет».
- Биіктігі он төрт метрлік Зевс мүсіні піл сүйегі, қара емен, асыл тастармен әшекейленген алтын тақта отырғызылған. Басында осынау күдіретті тәңірдің рақымшылығын білдіретін зәйтүн ағашының өрілген бұтағына ұқсас алтын шеңбері болған. Мүсіннің басы, иығы, екі қолы, кеудесі піл сүйегінен ойып жасалған. Зевстің сол жақ иығына жамылған шекпені, шашы мен сақалы алтыннан құйылған.
- Фидий Зевске адамға тән кескін-кейіп берген. Оның бет бейнесінен сұстылықпен қатар мейірімділік те аңғарылатын болған. Мүсін енді болмаса жымыя езу тартып, орнынан кең кеудесін кере түрегелетіндей әсер тудырған.

ҚОРЫТЫНДЫ

- Қорыта келгенде: әлемге эстетикалық тәрбие беруде арасан зор әсерін тигізген. Антика дүниесі деп аталатын Ежелгі Грекия мен Рим мәдениетінің әлемдік өркениетте алатын орны ерекше. Өмір шындығын нақты бейнелеп, көркемділікпен қарапайымдылық, шыншылдық пен шеберлік қасиеттерімен белгілі болған және Рим сәулетшілері мен мүсіншілерінің және кескіндемешілерінің даңқы мәдени туындылары – көне заман тарихы туралы ұғымымызды кеңейтіп қана қоймай, мәдениеттің асқақ үлгісі ретінде күні бүгінге дейін өз мәнін жоймай отыр.